

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары жайлы мәлімет

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбына 54 оқушы қабылданды, үш сынып ашылып, үш мұғалім жұмыс жасады.

1. Сызғалаева Қалбибі

Еңбек өтілі 18 жыл

2. Байшылықова Жадыра

Еңбек өтілі 6 жыл

3. Укибаева Райхан

Еңбек өтілі 10 жыл

Үлгілік оқу бағдарламасының №422 бұйрығына сүйене отырып, бес сала бойынша перспективалық жоспар, циклограмма жасалып жұмыс жоспары құрылды.

№422 бұйрығына сәйкес бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтер жасалып бес сала бойынша білімдері анықталды.

Осы алынған мониторинг бойынша алынған білім сапалары

МАД «А» сыныбы 14 оқушы

I-деңгей 4 оқушы

II-8 оқушы

III-2 оқушы

МАД «Ә» сыныбы 16 оқушы

I-деңгей 5 оқушы

II-8 оқушы

III-3 оқушы

МАД «Б» сыныбы 17 оқушы

I-деңгей 7 оқушы

II-6 оқушы

III-4оқушы

Созақ аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің жылдық жоспарына сәйкес 2023 жылғы 10 қарашалағы №563 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 15 қараша күні «Баланың көркем- тілдік, музыкалық және қимыл –қозғалыс іс-әрекетінде шығармашылық қабілеті мен эстетикалық сезімін дамыту » тақырыбында аудандық оқу семинар өткізілді.

***Семинардың мақсаты:** Білім берудің «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық» салаларындағы баланың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық сезімін ояту.*

Семинар мектебіміздің психологы Сандуғаш Таңатованың «Біз біргеміз» атты психологиялық тренингімен ашылды

Дене шынықтыру пәні бойынша, МАД «А» сынып жетекшісі Қалбибі Сығалаева «Шынықсаң шымыр боларсың»

Көркем әдебиет пәні бойынша, МАД «Ә» сынып жетекшісі Укибаева Райхан Ертегілер әлеміне саяхат «Ақылды балапан»

Музыка пәні бойынша МАД «Б» сынып жетекшісі Байшылықова Жадыра

Қазақтың ұлттық аспаптары «Домбыра мен қобыз» атты семинар сабақтары өткізіліп семинар жоғары деңгейде өтілді.

2023-2024 оқу жылының 22-26 сәуір аралығында мектепалды даярлық сыныптарының «Біз бақытты балдырған» атты апталығы болып өтті.

Мектепалды даярлық сынып мұғалімдеріне апталық барысында атқарылатын іс-шаралар хабарланды.

Апталық 22 сәуір күні салтанатты жиынмен ашылды, сонымен қатар «Шебер қолдар» атты көрме ұйымдастырылып, балалардың қолдан жасалған бұйымдары көрмеге қойылды.

Апталықтың екінші күнінен бастап «Денсаулық» саласы бойынша мектепалды даярлық сыныптар арасында «Толағай» эстафеталық жарысы өткізілді «Толағай» эстафеталық жарысында . Мектепалды даярлық «Б» сынып оқушылар 1-ші орынды жеңіп алса, мектепалды даярлық «Ә» сыныбы 2-орынды иеленді, «А» сынып оқушылары 3-ші орынды иеленді.

Сараптау нәтежесінде үздік шыққан топ оқушылары сыныбымен ынталандыру мадақтамаларымен, боямақ дәптерлерімен марапатталды.

Апталық барысында Математика, Сауат ашу, Математика пәндері бойынша ашық сабақтар, өткізілді. 25.04.2024 ж күні МАД «А» сыныбының жетекшісі Қ.Сызғалаева сауат ашу пәні бойынша «Дауысты дауыссыз дыбыстар» тақырыбында, 25.04.2024ж МАД «Б» сыныбының жетекшісі Байшылыкова Жадыра математика пәні «Ормандағы үйшіктер» бойына 25.05.2024ж күні МАД «Ә» сыныбының жетекшісі Р.Укибаева «Өткенді пысықтау» тақырыбында ашық сабақ өз деңгейінде өткізіп шықты.

26 сәуір күні апталықты қорытындылап, мақтау қағаздар мен сый-сияпаттар таратылды. Соңынан мектепалды даярлық сынып мұғалімдері отырып апталықтың қорытындысы талқыланып, жіберілген олқылықтар мен ұсыныстар айтылды.

Ұсыныстар:

1. Апталықтың барысында сайыстарға белсене қатысқан сыныптар мен жүлделі орындарға ие болған оқушылар грамоталармен және сыйлықтармен марапатталсын.

2. Келесі апталықты өткізу барысында:

- сабақ барысында оқушылар белсене қатысып, сабақта сөйлеу қоры көбірек қолданылсын:*
- сабақ барысында ойын түрлері көбірек қолданылсын:*
- сайыстар түрлендіріліп өтілсін.*